

Сабақтың тақырыбы:

Фикус

Орындаған: Берманова Назерке



Фигус (лат. Ficus) – тұт тұқымдасына жататын, үй гүлдерінің ішіндегі ең кең таралғаны және танымалы десек те болады. Туысында 1500-2000-ға жуық түрі болғанымен «Каучук фигусы» көп өсірілетін түрі. Сонымен қатар, «Бенджамин фигусы» және «Эластика фигусы» деген түрлерін де өсірушілер қатары көбейіп келеді. Әдемі жапырақтарына бола бұл гүлді нағыз мекеме гүлі деп айтады.

Фигус көпшілікке ең алдымен көп күтімді қажет етпейтін «көнбістігімен» танымал болған шығар. Бүгінгі біз айтқалы отырған фикус «каучук фикусы». Каучук фикусының өзі бірнеше топқа бөлінеді. Алғашында, жасыл, жалпақ жапырақты бір түрі болса, қазіргі кезде оның сары ала, ақ ала, қызыл ала және ұсақ жапырақты, бойы аласа секілді бірнеше түрі шығарылды. Барлық түрінің күтімі бірдей. Олардың бір-бірінен айырмашылығы жапырағының түстерінде ғана.

Жарығы:

Тіке түскен күн сәулесін көтере алмайды. Ала жапырақты түрлері жарықты ұнатады, көлеңкеде ала түсін жоғалтып, жай жасылға айналып кетеді. Жарық жетіспегеннен төменгі жапырақтары түсіп қалады.



Жылуы:

Жылу сүйгіш өсімдік.
Қыста температура
16-180С төмен
болмағаны дұрыс.



Суғарылуы:

Жылдың барлық мезгілінде бірқалыпты суғару қажет. Топырағында судың тосылып қалғанын ұнатпайды. Суғаратын судың бөлме температурасы деңгейінде жылы болғаны дұрыс.

Ылғалдылығы:

Жапырақтарын дымқыл матамен сүртіп тұру керек. Ол фикусқа әрі ылғалдылық беріп, әрі жапырақтарын шаңнан тазартады. Ұсақ жапырақты фикустарға су бүркіп тұру қажет.



Қоректендірілуі:

Фикустың барлығы шіріген көң мен құнарлы топырақты ұнатады. Көктем кезінде топырағының беткі қабатын тазалап алып, жаңа топырақ салып тұрған абзал.

Аурулары:

Өрмекші, ақ ұнтақ саңырауқұлағымен, өсімдік битімен ауырады. Кез келген ауру фикусқа көп суғарғаннан және тазалықтың жоқтығынан келеді.



Көбейтілуі:

Қалемшелеу және
жапырағы
арқылы да
көбейтіледі.

